

Пайдалану бойынша нұсқаулық

Жылтыратқыш машинкасы
FinePower OneBase
CPMBL180

FinePower

Мазмұны

Құрылғының мақсаты	4
Сақтық шаралары	4
Құрылғының сызбасы	6
Пайдалану ережелері және шарттары	7
Аккумуляторды зарядтау	7
Аккумуляторлық блокты орнату және алу	7
Аккумуляторлардың қуаттану күйі	8
Аккумулятордан жұмыс істеу уақыты	8
Аккумуляторды/құралды қорғау жүйесі	8
Қосу/өшіру	9
Жылдамдықтарын реттеу	10
Құрастыру	11
Табан-дискті орнату және алып тастау	11
Қосымша саптың бұрышын реттеу	11
Саптамаларды орнату және алу	12
Жылтырату	13
Қызмет көрсету және күту	13
Техникалық сипаттамалары	14
Жинақталым	14
Шаңнан қорғайтын қақпақты тазарту	14
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сатып өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары	15
Қосымша ақпарат	15

Құрметті сатып алушы!

Сізге біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз.

Біз сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және өндірілген бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз.

Пайдалануды бастар алдында Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күту жөніндегі ұсынымдарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуын ойластырыңыз және бұйымды одан әрі қолданған кезде нұсқаулықты анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының мақсаты

Жылтыратқыш машинка ағаштан және металдан жасалған жабындарды өңдеуге арналған.


Сақтық шаралары

- Осы құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.
- Құрылғы балалардың және олардың қауіпсіздігі үшін жауапты болатын басқа тұлғалар бақылауды жүзеге асырмайтын жағдайларды қоспағанда, физикалық, сенсорлы немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі тұлғалардың пайдалануына арналмаған. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеңіз.
- Құрылғыны пайдалануды бастар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны кейін қолдану үшін сақтап қойыңыз.
- Бұл құрылғыны тек мақсатына сай пайдаланыңыз.
- Құрылғыны ылғалдың, әртүрлі сұйықтықтардың, сондай-ақ жылу көздерінің әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өз бетіңізше ашпаңыз және бөлшектемеңіз.
- Бұл құрылғыны экстремалды температуралардың және тікелей күн сәулесінің ұзақ әсеріне ұшыратпаңыз.
- Құрылғыны құлағаннан кейін, сондай-ақ көзге көрінетін зақымданулары болғанда пайдаланбаңыз, сервистік орталыққа жүгініңіз.
- Құрылғыны өз бетіңізше жөндемеңіз және кез келген басқа түрленімдер жасамаңыз. Ақаулықтар немесе зақымданулар анықталған кезде тек қана сервис орталығының білікті мамандарына жүгініңіз.
- Шамадан тыс ылғалдылық жағдайында құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Ықтимал жарақаттарды және құрылғының зақымдалуын болдырмау үшін осы құрылғымен үйлесімді аккумуляторды ғана қолданыңыз.
- Егер құралдың жұмыс уақыты шамадан тыс азайса, жұмысын тоқтатыңыз, құралды одан әрі қолдану қызып кетуге және күйіктерге әкелуі мүмкін.
- Егер Сіз сақтауға алып қоюдың алдында аспапты ұзақ уақыт бойы қолдануды жоспарламасаңыз, аккумуляторды ажыратыңыз.
- Құралды пайдаланған кезде шуылға қарсы құлаққаптар киіңіз.
- Құралды соққыларға ұшыратпаңыз, оны құлатпаңыз.
- Құрал-сайманмен жұмыс істеген кезде құрал-сайманды бір қолмен резеңкеленген сабынан, ал бас қолмен - қосымша сабынан қатты ұстаңыз.

- Құрал-сайманды ұзақ уақыт бойы үлкен жүктемемен қолданбаңыз. Бұл құрал-сайман жұмысындағы ақаулыққа, электр тогымен зақымдануға, өртке және / немесе ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Құрал-сайманның айналатын бөлігін ұстамаңыз.
- Құрал-сайманды қолданудың алдында қосымша тұтқасы немесе алты қырлы бұрандамасы мықтап бұралғанына көз жеткізіңіз, керісінше жағдайда алдыңғы қақпағы құлап, жарақат келтіре алады.
- Ешқашан құрал-сайманды күшпен баспаңыз. Шамадан тыс қысым тегістеу тиімділігін төмендетуі, саптамасын зақымдауы немесе құралдың қызмет ету мерзімін қысқартуы мүмкін.
- Жоғары жылдамдықта ұзақ уақыт жұмыс істеу жұмыс жабынының зақымдалуына әкеле алады.
- Құрал-сайманды қолданудың алдында, жұмыс материалдары жақсы бекітілгеніне және тұрақты жабынға орналасқанына көз жеткізіңіз, олардың құлауы жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Жұмыс аймағы таза және жақсы желдетілген болуын бақылаңыз. Үйілген немесе нашар жарықтандырылған жұмыс аймағы жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін.
- Тез тұтанатын сұйықтықтаар, газдар немесе шаңдар болса, электр құралымен жұмыс істемеңіз. Электр құрал-саймандар тез тұтанатын сұйықтықтардың шаңын немесе буларын тұтандыруы мүмкін ұшқындар тудырады.
- Электр құралымен жұмыс істеген кезде балалар мен бөтен адамдарды жақындатпаңыз. Алаңдау электр құрал-сайманды бақылаудың жоғалуына әкелуі мүмкін.
- Электр құралдары пайдаланушыға зиян келтірмейтін электрмагниттік өрістерді (ЭМӨ) тудыруы мүмкін. Дегенмен, жүрекширатқыштардың және басқа ұқсас медициналық құрылғылардың пайдаланушыларына осы электр құралды қолданудың алдында дәрігердің кеңесіне жүгіну керек.
- Электр құрал-сайманды шаршасаңыз немесе алкоголь, есірткіге мас болған кезде, дәрі-дәрмектердің әсерімен қолданбаңыз.
- Құрал-сайманмен жұмыс істеген кезде жеке қорғаныс құралдарын қолданыңыз (қорғаныс көзілдірік, респиратор, тайғанамайтын қорғаныс аяқ киім, дулыға).
- Құрал-сайманды қосудың алдында, егер оны құрал-сайманды реттеу үшін қолдансаңыз, кілтті алып тастаңыз.
- Егер ажыратқыш жұмыс істемесе, электрлік құралды пайдаланбаңыз.
- Кез келген реттеулер, саптамаларын ауыстырудың немесе электр құрал-сайманды сақтаудың алдында электр құрал-сайманнан аккумуляторлық батареяны алып тастаңыз.
- Қолданар алдында электр құрал-сайманды қарап шығыңыз және зақымдалған жағдайда сервис орталығына жүгінізіз.
- Қолданар алдында саптары құрғақ және таза екендігіне көз жеткізіңіз.
- Талшықтас бар кез келген материалдарды өңдеу үшін құрал-сайманды қолданбаңыз.
- Бірден жұмыстан кейін табан-дисктегі бұрандаманы баспаңыз. Ол қатты қызып кетуі және теріні күйдіруі мүмкін.
- Қолданар алдында жылтырату шеңбері жарылмағанына көз жеткізіңіз. Егер құрал-сайманды құлатып алсаңыз, оның сынып қалмағанына көз жеткізіңіз және құрал-сайманның жарамдылығына көз жеткізу үшін, оған жүктемесіз ең жоғары жылдамдықта шамамен 1 минут жұмыс істеуге уақыт беріңіз. Жарықтар немесе сынып қалу жарақаттың себебі болуы мүмкін.

- Жұмыс аяқталғаннан кейін саптамаларды әрқашан шайыңыз және қапқақты жылтыратқыш құрамнан тазартыңыз. Керісінше жағдайда, қатып қалған құрам көрсетілген бөлшектерді одан әрі қолдануға жарамсыз ете алады.

Құрылғының сызбасы



1. Білікті бұғаттау батырмасы.
2. Қосымша тұтқа.
3. Жылдамдықты ауыстырып-қосқыш.
4. Резеңкеленген тұтқа.
5. Аккумуляторлық блок батырмасы.
6. Ажыратқышты бұғаттау батырмасы.
7. Ажыратқыш.
8. Табан-диск.
9. Аккумулятор блогы (жиынтыққа кірмейді).
10. Жүнді жылтыратқыш шеңбер.
11. Жылтыратқыш ысқыш.
12. Шаңнан қорғайтын қапқақ.

Пайдалану ережелері және шарттары

Аккумуляторды зарядтау


1. Қуаты толықтай таусылмайынша, аккумуляторлық блоқты зарядтаңыз. Құрал-сайман қуатының төмендегенін байқасаңыз, әрдайым құрал-сайманның жұмысын тоқтатыңыз және аккумуляторлық блоқты қуаттаңыз.
2. Ешқашан толықтай зарядталған аккумуляторлық блоқты зарядтамаңыз. Қайта зарядтау аккумулятордың қызмет ету мерзімін азайтады.
3. Аккумуляторлық блоқты 5 °С бастап 45 °С дейінгі ауаның бөлме температурасында зарядтаңыз. Зарядтаудың алдында қыздырылған аккумуляторлық блоқты суытыңыз.
4. Егер Сіз аспапты ұзақ уақыт бойы (6 айдан астам) қолдануды жоспарламасаңыз, аккумуляторлық блоқты қуаттаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: әрқашан құралдың функцияларын реттеудің немесе тексерудің алдында құралды сөндіріңіз және аккумуляторды алып шығарыңыз.

Аккумуляторлық блоқты орнату және алу

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: аккумуляторлық блоқты орнатпас немесе алып тастамас бұрын әрқашан құрал-сайманды сөндіріңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: аккумуляторлық блоқты орнату немесе алып тастау кезінде құрал-сайманды және аккумуляторлық блоқты берік ұстаңыз, керісінше жаңдайда олар қолдан тайып кетуі мүмкін, бұл құрал-сайманның және аккумуляторлық блоктың зақымдалуына және жарақаттануға әкеледі.



Аккумуляторлық
блоқтың батырмасы
Аккумуляторлық блок


1. Аккумуляторлық блоқты алып шығару үшін аккумуляторлық блоктың алдыңғы бөлігіндегі батырманы жылжытып, оны құрал-сайманнан жылжытыңыз.
2. Аккумуляторлық блоқты орнату үшін, аккумуляторлық блоктағы шығыңқы жерін корпустағы ойықпен үйлестіріңіз және оны шертпек дыбысы естілмейінше орнына енгізіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: аккумуляторлық блок орнына толықтай орнатылғанына көз жеткізіңіз. Керісінше жағдайда ол құрал-сайманнан кездейсоқ түсіп қалуы және Сізге немесе қоршаған адамдарға жарақат келтіруі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: аккумуляторлық блоқты қолмен басуға тырыспаңыз. Егер ол әрең енгізілсе, демек, ол қате енгізілді.






Аккумуляторлардың қуаттану күйі

Заряд деңгейінің индикаторы



Заряд деңгейін тексеру батырмасы

Заряд деңгейін көрсету үшін заряд деңгейін тексеру батырмасын басыңыз. Индикаторлар екі секундқа жанады. Төмендегі кестеде индикаторлар туралы толығырақ мәліметтер келтірілген.

Заряд деңгейінің индикаторы		Қалған қуаты (%)
Көмескі жарық түсіру 	Өшірулі 	
	Жасыл Қызғылт сары Қызыл	75% – 100%
	Қызғылт сары Қызыл	25% – 50%
	Қызыл	10% – 25%

ЕСКЕРТПЕ: қолдану шарттарына және қоршаған орта температурасына байланысты, көрсетімдері нақты заряд деңгейінен сәл ғана ерекшеленуі мүмкін.

Аккумулятордан жұмыс істеу уақыты

Аккумулятор	Аккумулятордан жұмыс жасау уақыты (жүктемесіз)
B20	≥14 мин
B40	≥27 мин
B60	≥41 мин
S40	≥34 мин
S80	≥68 мин

Аккумуляторды/құралды қорғау жүйесі

Құрал-сайман аспаптың қызмет ету мерзімінің азаюын болдырмау үшін құрылғыны автоматты түрде сөндіретін аккумуляторды/құрал-сайманды қорғау жүйесімен жабдықталған. Құрал-сайман және аккумулятор келесі жағдайларда автоматты түрде сөндіріледі:

Артық жүктемеден қорғаныс

Егер аккумулятор шамадан тыс жоғары тоқты тұтынса, құрал-сайман автоматты түрде тоқтайды. Бұл жағдайда құрал-сайманды сөндіріңіз және құрал-сайманды қайта жүктеген әрекетті тоқтатыңыз. Кейін құрал-сайманды қайтадан қосыңыз.

Қызып кетуден қорғау

Егер құрал-сайман немесе аккумулятор қызып кетсе, құрал-сайман автоматты түрде тоқтайды. Кейін құрал-сайманды қайтадан қосудың алдында құрал-сайманды/аккумуляторды суытыңыз.

Аккумуляторды зарядтау қорғанысы


Егер жұмыс істеген кезде батарея заряды ең төмен деңгейге төмендесе, жарық өшеді - бұл қорғаныс жүйесін іске қосу және кемшілік болып табылмайды. Батареяны алып шығарыңыз және оны зарядтаңыз.

Қосу/өшіру


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: аккумуляторлық блокты құрал-сайманға орнатпас бұрын әрдайым ажыратқыштың дұрыс жұмыс істейтіндігіне және жіберген кезде «сөндірілген» күйіне оралатындығын тексеріңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: құрал-сайман қолданылмаса, ажыратқышты «сөндірулі» жайғасымында бұғаттау үшін, ажыратқышты бұғаттау батырмасын басыңыз.


Ажыратқышты бұғаттау
батырмасы




Өшіргіш



Ажыратқышты кездейсоқ басуды болдырмау үшін ажыратқышты бұғаттау батырмасы көзделген.

Құрал-сайманды қосу үшін, В  жағында ажыратқышты бұғаттау батырмасын басыңыз және ажыратқышты басыңыз (құрал-сайманның жылдамдығын ажыратқышты қаттырақ басып ұлғайтуға болады).

Құрал-сайманды сөндіру және жұмысын тоқтату үшін ажыратқышты босатыңыз. Қолданғаннан кейін А жағында бұғаттау батырмасын басыңыз  .

Жылдамдықтарын реттеу



Жылдамдықтар ауыстырып-қосқышын «800» бастап «2300» дейін қалаған санға айналдырып, айналдыру жылдамдығын өзгертуге болады. Барынша жоғары жылдамдықты орнату үшін, ауыстырып-қосқышты «2300» саны бағытында, аз жылдамдық үшін - «800» саны бағытында айналдырыңыз.

Кестеде жұмыс түрлері және оларға сай келетін жылдамдықтар келтірілген.

Жылдамдық режимі	Жүктемесіз жылдамдығы	Жұмыстардың түрі
Жоғары	2300 айн/мин	Қатты жылтырату
	2000 айн/мин	
Орташа	1700 айн/мин	Әдеттегі жылтырату
	1400 айн/мин	
Төмен	1100 айн/мин	Соңғы жылтырату
	800 айн/мин	

ЕСКЕРТПЕЛЕР:

- Кестеде стандартты қолдану көрсетілген. Келтірілген деректер белгілі жағдайда ерекшеленуі мүмкін.
- Төмен жылдамдықтарда ғана жұмыс істеу ұзақ уақыт ішінде қозғалтқыштың артық жүктемесіне және құрал-сайманның жұмысындағы ақаулыққа әкеледі.
- Жылдамдықтар ауыстырып-қосқышын тек қана «2300» дейін және қайтадан «800» дейін бұруға болады. Ауыстырып-қосқыштарды «2300» немесе «800» мәндерінен алшақ айналдыруға тырыспаңыз, әйтпесе жылдамдықтарды реттеу функциясы жұмыс істеуін тоқтатады.

Құрастыру

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: құрал-сайманмен айла-шарғы жасаудың алдында, ол сөндірулі екендігіне, ал аккумуляторлық блок алынғанына көз жеткізіңіз.

Табан-дискті орнату және алып тастау




- Табан-дискті орнату үшін, біліктің айналуын болдырмау үшін білікті бұғаттау батырмасын басыңыз
- Табан-дискіні сағат тіліне қарсы тірелгенше бұраңыз.
- Табан-дискті алып тастау үшін, орнату рәсімін кері тәртіпте орындаңыз.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: табан-диск берік бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Берік бекітілмеген табан-диск құрал-сайманның теңгерімінің бұзылуына әкеледі және құрал-сайманды бақылауды жоғалтуға әкелуі мүмкін шамадан тыс қатты дірілдеуді тудырады.

Қосымша саптың бұрышын реттеу

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: бұрандаманы қосымша тұтқамен қаттырақ тартыңыз. Керісінше жағдайда қосымша сап құлап қалуы және жарақат келтіруі мүмкін.



Алты қырлы кілт




Алты қырлы
бұрандама

1. Алты қырлы кілтпен құрал-сайманның екі жағындағы алты қырлы бұрандамаларды босатыңыз.
2. Қосымша саптың қалаған бұрышын қолмен реттеңіз.
3. Екі жағындағы алты қырлы бұрандамаларды тірелгенше бұраңыз.

Саптамаларды орнату және алу

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: жылтырату үшін тек қана жабысқақ-ілгектегі саптамаларды қолданыңыз.



Саптаманы орнатпас бұрын жабысқақ-ілгекті және табан-дискті кірден және бөтен заттардан тазалаңыз. Шеттері сай келетіндей етіп табан-дисктегі саптаманы бекітіңіз. Табан-дисктен саптаманы алып тастау үшін, оны жай ғана шетінен тартыңыз.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: саптама және табан-диск берік бекітілгеніне, ал шеттері сай келетініне көз жеткізіңіз. Керісінше жағдайда құрал-сайманды бақылауды жоғалтуға немесе саптаманың құрал-сайманнан құлауына әкелуі мүмкін шамадан тыс қатты діріл туындайды.

Жылтырату

- Қатты жылтырату үшін түкті жылтыратқыш шеңберді, ал соңғы жылтырату үшін - жылтыратқыш ысқышты қолданыңыз.
- Балауызды жылтыратқыш ысқышқа немесе жұмыс жабынына жағыңыз. Балауызды біркелкі тарату үшін, құрал-сайманды төмен жылдамдықта іске қосыңыз.
- Басқа жылтыратқыш ысқышты құрал-сайманға бекітіңіз және балауызды сүртіңіз.
- Бос жүріс режимінде жылтырату үшін фетр саптамасын қолданыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: балауыздың немесе жылтыратқыш құралдың шамадан тыс көп мөлшерін жақпаңыз. Бұл көп шаңның түзілуіне әкеледі және көздің немесе респираторлық аурулардың туындауына әкеледі.

ЕСКЕРТПЕ: барлық жұмыс жабынын жылтыратудың алдында құрал-сайман жабынды тырнамайтынына және балауыздың әркелкі таралуына әкелмейтініне көз жеткізіңіз. Бұл үшін жұмыстың алдында алдымен жылтыратқыш машинкамен балауыздың аздаған мөлшерін жұмыс жабынының көрінбейтін жеріне жағыңыз.




Қызмет көрсету және күту

Құрал-сайманды кейде ылғалды сабынды шүберекпен сүртіп тұрыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: қараудың немесе тазартудың алдында міндетті түрде құрал-сайманның сөндірулі екендігіне, ал аккумуляторлық блок алып шығарылғанына көз жеткізіңіз.

ЕСКЕРТПЕ:Ешқашан тазарту үшін бензинді, еріткіштерді, спиртті қолданбаңыз, олар бояуды бүлдіруі, құрал-сайманның жарықтарын немесе деформациясын тудыруы мүмкін.

Шаңнан қорғайтын қақпақты тазарту



Ауаның кедергісіз айналуын қамтамасыз ету үшін желдеткіш тесіктердегі шаңнан қорғайтын қақпақты үнемі тазартыңыз. Шаңнан қорғайтын қақпақты алыңыз және торды тазартыңыз.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: СРМВL180.
- Аккумулятор түрі: Li-ion (жиынтығына кірмейді).
- Кернеуі: 20 В.
- Қозғалтқыш түрі: қылшақсыз.
- Бос жүрістегі айналу жиілігі:
 - Төмен жылдамдық: 0-800/0-1100 айн/мин.
 - Орташа жылдамдық: 0-1400/0-1700 айн/мин.
 - Жоғары жылдамдық: 0-2000/0-2300 айн/мин.
- Жылдамдық теңшелімдерінің саны: 6.
- Айналдырық бұрандасы: M14.
- Табанның диаметрі: 180 мм.
- Шаңнан қорғайтын сүзгі: бар.
- Қорғаныс деңгейі: IP20.
- Дыбыс қысымының деңгейі LpA (K=1,5), дБ(A): 87.
- Жұмыс режиміндегі діріл деңгейі (K=1,5), м/с²: ≤ 6,8.
- Аккумуляторсыз салмағы: 1,78 кг.

Жинақталым

- Құрылғы.
- Қосымша тұтқа.
- Кілт.
- Резеңке тегістеу қақпағы.
- Жүнді жылтыратқыш шеңбер.
- Жылтыратқыш ысқыш.
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сатып өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы қаптамасында өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °C-тан 40 °C-қа дейінгі ауа температурасында және 80 % аспайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығында сақтау керек. Үй-жайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмау керек.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыппен қолдануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғы ақаулығын анықтаған кезде дереу авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғанда оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберу керек. Осы өнімді дұрыс кәдеге жарату арқылы сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісті түрде пайдаланбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келу жағдайларының алдын аласыз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорынан алуға болады.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Нинбо Лянъе Электрик Эпплайнсис Ко., Лтд.

Цяньхоучэнь ауылы, Юньлун, Иньчжоу ауданы, Нинбо қаласы, Чжэцзян провинциясы, Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі, оның сипаттамалары мен жиынтықтамасы пайдаланушыға алдын-ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: finerpower.ru



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.2

Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерін өзіне жүктемейді:

- Кепілдік мерзімі аяқталғанда.
- егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін, сондай-ақ өзінің тікелей арналымына сай келмейтін өзге мақсаттарда қолданылған болса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, іске қосу қағидаларын (бұйымның өзіне де, онымен түйіскен бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеу әсерінің нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау кезінде бұйым иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де залал үшін жауапты болмайды.
- Барлық механикалық зақымданулар: өнімді пайдалану барысында алынған кетіктер, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысқан, жаншылған жерлер және т.б.
- Мұндай жұмыстарды жүргізуге уәкілеттігі жоқ адамдардың бөгде түрлендірулері, рұқсатсыз жөндеу іздері бар. Егер ақаулық бұйымның құрылымының немесе сұлбасының өзгеруінен, Өндірушімен қарастырылмаған сыртқы құрылғылардың қосылуынан, Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалануынан туындаған болса.
- Егер бұйымның ақаулығы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи апаттар, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. ақаулық бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкелетін, бұйымның ішіне бөгде заттардың, бөтен денелердің, заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың енуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температурадан туындаған.
- бұйымды сәйкестендіруі (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен туындаса; БЖ жеткізушісінің осы қызметті ұсынуының болмауына байланысты, бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жоюмен туындаған жағдайда.
- Егер жұмыстың ақаулары қуаттандырушы, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес келмеуінен, оның ішінде рельеф ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымды желінің әрекет ету шекарасында немесе желінің әрекет ету аймағынан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- егер зақымданулар бейстандартты (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасыз (зақымдалған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуаттандыру элементтерін, әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM-карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер сәйкес келмейтін контентті алумен, орнатумен және пайдаланумен туындаса (әуендер, графика, бейнетүсірілімдер және басқа файлдар, Java қосымшалары және оған ұқсас бағдарламалар).
- Осы бұйыммен түйіндесіп жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залал.



Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойған күні: _____

Өндіруші құрылғының кепілдік мерзімінің ішінде үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың жоқтығына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге, пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен болмаған істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 24 ай.

Пайдалану мерзімі: 48 ай.

Жұмыс істеп тұрған сервис орталықтарының мекенжайы:

<https://finpower.ru/page/dynamic/support/>

Кепілдікті міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету тауарлардың жиынтығына кіретін төменде аталып өткен керек-жарақтарға қолданылмайды, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеумен байланысты болмаса:

- ҚБП (қашықтықтан басқару пульті) арналған қуат көзінің элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кәбілдер, антенналар және оларға арналған жалғастырғыштар, құлаққаптар, микрофондар, HANDS-FREE құрылғылары; әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштар, жиынтықта жеткізілетін бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (бұйымды қатты магнит дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БЖ қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Тысқаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждау құрылғылары, құралдар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.



www.finepower.ru